

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі N 408 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

"Маңғыстау облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгеріс туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 4 маусымдағы N 338 Жарлығын
іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі
оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999
жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999
ж., N 1, 2-құжат; 2000 ж., N 54, 593-құжат; 2001 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4-5, 43-құжат;
2002 ж., N 26, 272-құжат; N 45, 445-құжат; 2003 ж., N 12, 130-құжат; N 16, 160-құжат;
2004 ж., N 13, 166-құжат; N 21, 267-құжат; N 27, 344-құжат; N 48, 590-құжат; 2005 ж., N
16, 189-құжат; N 27, 329-құжат; N 30, 380-құжат; N 49, 623-құжат; 2006 ж., N 7, 50-
құжат; N 26, 264-құжат; N 28, 299-құжат; N 30, 320-құжат) мынадай өзгерістер
е н г і з і л с і н :

жоғарыда аталған Жарлыққа 2-қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Прокуратурасы" деген жолдағы "5902" деген цифрлар
"5921" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"Прокуратура органдары" деген жолдағы "4842" деген цифрлар "4861" деген
цифрлармен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті